



Алақол

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№6 (8041) 04. 02. 2023.
Сенбі / Суббота

Әкімдер есебі

Атқарылған жұмыс мол

Өңірімізде өткен жылдағы жұмыстарға есеп беріп, жаңа жылдағы жоспарларды бағамдау мақсатында аудан, ауыл әкімдерінің халық алдындағы есебі тыңдалуда. Аудан басшысы әр ауылдық округке арнайы ат басын тіреп, жұртшылықтың талап-тілегіне аса мән беруде.



Үшбұлақ ауылдық округі

Аудан әкімі А.Абдинов ауылдық округтерді аралап, дәстүрлі түрде аудан халқымен кездесуі аясында Үшбұлақ ауылына ат басын бұрды. Кездесу барысында ауданның осы жылы жеткен жетістіктері мен нәтижелерін баяндады. Содан кейін өңірде атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды тілге тиек етті.

уақытқа қойған жоспарларымен таныстырды.

Кездесуден кейін аудан әкімі азаматтарды қабылдады.

Тоқжайлау ауылдық округі

Аудан халқымен тұрақты кездесуін аудан әкімі Тоқжайлау ауылдық округіне барып жалғастырды.

Тоқжайлау ауылдық мәдениет үйінде өткен кездесуде өңір басшысы алдымен ауданның әлеу-



Баяндама аяқталған соң округ халқына сөз берілді. Ұсыныс-тілек, сұрақтары тыңдалып, әрқайсысына тиісті жауап айтылды.

Айпара ауылының ауыз суы, жерді заңдастыру, мал жайылым жерлері және жолды қардан уақытылы тазарту сияқты мәселелерді көтерді.

Көтерілген мәселелер талқыланып, аудан әкімі тиісті мекеме басшыларына тапсырма берді. Сондай-ақ, Үшбұлақ ауылдық округінің әкімі Н.Каримов ауылдың алдағы

меттік-экономикалық дамуына тоқталып, атқарылған іс-шаралар бойынша есеп берді.

Баяндамадан кейін кезек ауыл тұрғындарына берілді. Көкейде тұрған келелі мәселені көтеріп, ауылдың жай-жапсарын айтты. Тұрғындар ауыл көшелерін қардан уақытылы тазарту, тоқ бағаналары, тозығы жеткен асфальт төсемесі, жол жөндеу жұмыстарын жүргізу, жол белгілерінің қазақша атауын жазу, жайылымды жер, денсаулық сақтау сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Аудан әкімі А.Абдинов қо-

йылған сұрақтарға жауап беріп, заңнамаға сәйкес шешу жолдарын қарастырды.

Сондай-ақ Тоқжайлау ауылдық округінің әкімі А.Дүйсембекұлы алдағы уақытта атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстырды. Атап айтсақ, демеушілер есебінен жастар саябағы мен алаңдар, бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорт кешенін салу, 2024 жылға 4,5 шақырымды М.Тойжанов пен Бөгенбай батыр көшелеріне түнгі жарық шамдарын орнату, көшелерге тас төгу жұмыстары жүргізілетіні және инвесторлар округ аймағына жел электр стансасын салуға мүдделі екенін жеткізді.

Сапақ ауылдық округі

Кезекті кездесу Сапақ ауылдық округінде өтті. Бас қосуға аудандық бөлім, мекеме басшылары, құқық қорғау органдары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Алғы сөз алған аудан әкімі А.Абдинов ауданның өткен жылғы қорытындысын айтып, тұрғындар алдында есеп берді.



Кейін ауыл тұрғындарына кезек беріліп, олар тиісінше аудан әкіміне округ жайлы трансформатор, аурухана, жол, көше шамдары сияқты мәселелер көтерді.

Өңір басшысы тұрғындардың сұрағына жауап беріп, көтерілген мәселелер бойынша тиісті басқарма басшыларына тапсырма берді. Сондай-ақ болашақта Сапақ ауылына мәдениет үйін салу жоспарда бар екенін атап өтті.

Округ әкімі А.Мұқашұлы өз ке-



зегінде 2023-2026 жылдарға арналған жұмыс жоспарын таныстырды.

Шара соңында аудан әкімі жеке қабылдауға жазылған тұрғындарды қабылдады.



Екпінді ауылдық округі

Ауыл халқымен кездесуде аудан әкімі А.Абдинов өткен жылдың қорытындысын жасап, жетістіктерін атап өтті.

су, жұмыссыздық, жер мәселесін шешу бойынша мәселе көтерілді.

Округ әкімі Ә.Қыстаубаев 2023-2025 жылдар аралығындағы округті абаттандыру бойынша перспективалық жоспа-

рын тұрғындарға ұсынып, жалпы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ақжар ауылдық округі

Ақжар ауылдық округі халқымен кездесуде аудан әкімі әдеттегідей баяндамамен бастады. Кездесуге аудандық бөлім, мекеме басшылары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Өткен жылы жасалған жұмыстарды атап өткеннен кейін А.Абдинов тұрғындардың сұрағына жауап берді.

Биыл Ақжар ауылдық округіне 2 көше, мәдениет үйі мен мектепке күрделі жұмыс жүргізілетінін айтты. Сонымен қатар су және жарық шамдары мәселесінде қолға алып, назардан тыс қалмайтынын атап өтті. Округ тұрғындары аудан әкімінің биылғы жылғы атқарылатын жұмыстарына ризашылығын айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Өз кезегінде округ әкімі Е.Жапарғалиев 2023-2025 жылдар аралығындағы ауылды абаттандыру бойынша жоспарын айтып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Теректі ауылдық округі

Аудан әкімі Алмас Сапарғалиұлының кезекті есепті кездесуі Теректі ауылдық округінде өтті.

Кездесуде былтыр атқарылған жұмыстар мен әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына тоқталып өтті.

Теректі ауылдық округінде тұрғындар тарапынан амбулаторияға жөндеу жұмыстарын жасау, ауыл көшелеріне асфальт салу және көмір қымбатшылығы туралы мәселелер көтерілді.

Аудан әкімі А.Абдинов аталған сын-ескертпелерге толық жауап беріп, тиісті мекеме өкілдеріне тапсырма берді.

Жиын соңына қарай аудан әкімі мекеме басшыларымен тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

А. ӘБИТҰЛЫ

Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі. Мемлекеттік қызметші имиджінің тұтастығы жоғары кәсібилік пен жеке құзреттердің, моральдық-адамгершілік қасиеттердің және әдептілік мінез-құлықтың көрінуіне негізделген.

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әр бір мемлекеттік қызметкердің мін-



Әдеп — әр істің берекесі

деті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бірғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінез-құлық мәселесі бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам

мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерге қойылған талаптар, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы және басшылардың өз қаралымындағы мамандарға деген қарым-қатынасы. Мемлекеттік қызметші жұмыс барысында өздерін қалай ұстау жөнінде айтылады. Олар елдің алдындағы тұлға болғандықтан, әрбір айтқан сөзі мен іс-қимылын халық жеті бақылап отырады. Сондықтан киім үлгісінде, сөйлеу мәнерінде және өзін байыпты ұстануына назар аудару керек.

Б.СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудан бойынша Әдеп жөніндегі уәкіл.

Азаматтық іс жүргізу құқығы

Дүние жүзілік қауымдастықта лайықты орын алуды мұрат ете отырып, Қазақстан Республикасы өзінің ең қымбат қазынасы ретінде адамды, оның өмірін, құқығы мен бостандығын атайды. Ал әрбір азаматтың заңды мүдделерін қорғау азаматтық-құқықтық міндеті деп танылған. Бұл міндет тұлғаның маңызды деген игіліктеріне нұқсан келтіретін іс - әрекеттерді сотта азаматтық іс жүргізу арқылы қарап, талдап, шешіп және қорғау мүмкіндігін көздейді.

Азаматтық іс жүргізу құқығы – мемлекет белгілеген құқықтық нормалардың соттардың азаматтық істерді қарау және шешу тәртібін, басқаша айтқанда, азаматтық істер бойынша сот әділдігін, сондай-ақ сот қаулыларын мәжбүрлеп орындау тәртібін реттейтін жиынтығы немесе жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығы сот пен азаматтық істерді қарау тәртібін анықтайтын құқық саласы болып табылады, яғни азаматтық іс бойынша сот әділдігін жүзеге асыру, сонымен қатар сот қаулыларын күштеп орындату тәртібін қарастырады.

Құқықбұзушылық – әрбір азаматтың мүддесіне қол сұғу болып табылады. Ал қоғамдағы басты міндетіміз бен мақсатымыз

жеке тұлғаның бостандығы мен құқықтарының сақталуы. 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының конституциясында әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандығын қорғауға құқылы деп белгіленген.

Адам өміріне қолсұғушылықты азаматтық заң ең ауыр қылмыстарға жатқызады. Және ол үшін аса қатал жауапкершілікті тағайындап отырады. Ал азаматтық іс жүргізу құқығы бойынша азаматтар мен ұйымдардың бостандығы мен заңды мүддесін қорғау бірінші орында және ол азаматтық іс жүргізу құқығымен және азаматтық іс жүргізу заңдарымен реттеледі.

Азаматтық іс жүргізу құқық теориясындағы әлі күнге дейінгі даулы мәселелердің бірі азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруді сот арқылы анықтау болып табылады.

Мұндай кемшіліктер сот тәжірибе ісі кезінде көптеп қателіктер жіберіледі. Біздің мемлекетімізде адам құқығын қорғауға барынша мән беріледі.

Ж.ЖЫЛҚАЙДАРОВА,
аудандық соттың жетекші маманы.



Тың өзгерістер бар

Демократиялық қоғамды дамытудың алғышарттарының бірі – жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін жетілдіру – еліміздің тарихында күн тәртібінен түспей келе жатқан маңызды мәселе. Оны іске асырудың тиімді тетіктерінің бірі – жергілікті әкімдіктерге іскерлігі мен біліктілігі келіскен адамдарды сайлау.

Ұзақ жылдар бойы ауылдық округтің әкімі болатын адамды облыс әкімінің келісімімен аудан әкімі тағайындап келді. Бірақ бұл үдеріс тиімділік бермеді. Өйткені өзін тағайындаған аудан әкіміне жалтақтаған ауыл әкімінің көбі тұрғындармен ынтымақтаса жұмыс істей алмады. Оның үстіне, жасыратыны жоқ, көптеген аудан әкімі ауыл әкімі етіп, айтқанынан шықпайтын «өз адамдарын» тағайындайтын болды. Ал мұндай адамдардың көбі жергілікті жерде жұмыс жүргізіп жарытпады. Сондықтан ауылдық округтердің әкімдерін халықтың өзі сайлау керектігі туралы мәселенің маңыздылығы күннен-күнге арта берді.

Қоғамды жергілікті өзін-өзі басқару процесіне қатысуға мәжбүрлеуге болмайды. Бұл істі ынталандырудың түрлі нысандарын бірте-бірте пайдалану, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, қоғамның мойындауымен уәждеу қажет. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қазақстандық үлгісін қалыптастыру кезінде шетелдік тәжірибеге сүйеніп қана қоймай, еліміздің тарихын да ескеру қажет.

Ұлы дала аумағындағы жергілікті өзін-өзі басқару тарихы көптеген ғасырларға созылып жатыр және рулық-тайпалық қоғамдастық дәуірден бастау алады. Ру үлкендері мен тайпа көсемдері құрылтайларда және көшпенділердің жиындарында сайланатын болған. Сайланғаннан кейін оларға даулы мәселелерді шешуге, әскери бөлімшелерді басқару өкілеттіктері берілген. Рулық қауымдар ауқымды автономияға иелік етіп, жергілікті, тіпті саяси проблемаларды шешуде көп ықпал етіп отырған.

Қазақстандағы өзін-өзі басқаруды дамытудың заманауи кезеңі жайында айтар болсақ, әдетте бұл кезеңді ел егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып жарияланған күнінен бастаймыз.

Р.ОМАРБЕКОВА,
аудандық заң және мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы.

Сапалы қызмет – маңызды міндет

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңына сәйкес аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі тарапынан спорт бағытында «2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 2-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 3-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші са-

натты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру» сынды мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді.

«Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру қағидаларын бекіту тура-

лы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 шілдедегі № 300 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №104 бұйрығына сәйкес, «Спортшыларға спорттық разрядтарын және жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға және спорт төрешісілеріне біліктілік санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына келесі өзгерістер енгізілді:

- мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электронды/қағаз түрінде;
- мемлекеттік көрсетілетін

қызмет «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады;

- мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 (он) жұмыс күні;

- мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі жасөспірімдер разрядтары мен біліктілік санаттарын беру куәлік немесе жасөспірімдер разрядтары мен біліктілік санаттарын беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе дәлелді бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Н.КАЙДАРОВ,
аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы.



Электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту

Жалпы әлем бойынша ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі күні электрондық жүйеге көшу аса маңызды болып отыр деп есептеймін. Бұл ретте мемлекет пен қарапайым халық арасында байланыс орнатуды жеңілдету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру, оларды электронды форматқа көшіру жұмыстарын дамыту шаралары жалғасуда. Бүгінге дейін жұртшылыққа ыңғайлы бірқатар жобалар іске асып та үлгерген.

«Электронды үкімет» порталы – Қазақстан азаматтарының және республика қонақтарының Қазақстан туралы, оның үкіметі, заңнамасы, ұлттық назар ауда-

рарлық орындары туралы ресми ақпарат ала алатын, сонымен қатар, онлайн режимде мемлекеттік органдар қызметіне ие болып және айыппұл төлеуге мүмкіндік беретін бірыңғай ресурс.

Электронды үкіметті қалыптастыру және дамытудың төрт негізгі кезеңі бекітіліп; Бірінші кезең – ақпараттық кезең болып тағайындалды. Дәл осы кезеңде электронды үкімет порталы іске қосылып, ақпараттармен толықтырылды. Бұл кезеңде әрбір қазақстандық қажетті бүкіл ақпаратты – қажет құжаттар тізімін, мемлекеттік БАЖдың көлемін, мемлекеттік органның байланыс мәліметтерін портал арқылы алуға қол жеткізді. Екінші кезең – интерактивті кезең, яғни портал-

да электронды қызметтер көрсетіле бастады. Порталды пайдаланушыларға үйде отырып-ақ мекемелерден анықтамаларды алуға, кез келген мемлекеттік органға сұраныс жасауға және олардың жағдайын бақылауға мүмкіндік туды. Электронды үкімет порталында интерактивті қызметтерді енгізу құжаттар пакетін жинауға кететін уақытты бірнеше есе қысқартты. Электронды үкіметтің дамуының үшінші кезеңі – транзакциялық кезең. Бұл кезеңде азаматтар мемлекеттік салымдар мен төлемдерді, айыппұлдарды, коммуналдық қызметтерді төлеуге мүмкіндік алды. Егер бұрын қызметтерді төлеу үшін банкке бару қажет болса, онда қазір қызметті онлайн алуға

және төлеуге болады. Электронды үкіметтің төртінші кезеңі – трансформациялық кезең. Бұл кезеңнің басты мақсаты – азаматтарға қызмет көрсетуде жеделдік таныту. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін интерактивті және транзакциялық сервистер кезеңді қызметтерге біріктірілуде.

Қорыта келе электрондық қызметтің әр азамат үшін пайдасы орасан зор, - деп үлкен сеніммен айта аламын. Себебі, мемлекеттік орындарға барып, мыңдаған кезек күтпей тез әрі жылдам шешілетін сайттар арқылы уақытыңызды үнемдеп, үйде отырып-ақ көп шаруаларыңызды бітіруге болады.

А.ЖУМАГУЛОВ,
Лепсі ауылдық округі әкімдігінің бас маманы.

Сайлау - 2023

Выборы - 2023

19 САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

НАУРЫЗ МАРТА 2023 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ҚАҢТАР

НАУРЫЗ

Дс Сс Ср Бс Жм Сн Жк

16 17 18 19 20 21 22

23 24 25 26 27 28 29

30 31

АҚПАН

1 2 3 4 5

6 7 8 9 10 11 12

13 14 15 16 17 18 19

20 21 22 23 24 25 26

27 28

Дс Сс Ср Бс Жм Сн Жк

1 2 3 4 5

6 7 8 9 10 11 12

13 14 15 16 17 18 19

20 21 22 23 24 25 26

27 28 29 30 31

18.03.2023 ж. Тыныштық күні

19.03.2023 ж. Дауыс беру күні

20.01 – 08.02.2023 ж. сағат 18.00-ге дейін Кандидаттарды ұсыну

20.01 – 18.02.2023 ж. сағат 18.00-ге дейін Кандидаттарды тіркеу

18.02 сағат 18.00-ден – 18.03.2023 ж. сағат 00.00-ге дейін Сайлау алдындағы үгіт

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

19 ЭТАПЫ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ

НАУРЫЗ МАРТА 2023 ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЯНВАРЬ

МАРТ

Пн Вт Ср Чт Пт Сб Вс

16 17 18 19 20 21 22

23 24 25 26 27 28 29

30 31

ФЕВРАЛЬ

1 2 3 4 5

6 7 8 9 10 11 12

13 14 15 16 17 18 19

20 21 22 23 24 25 26

27 28

Пн Вт Ср Чт Пт Сб Вс

1 2 3 4 5

6 7 8 9 10 11 12

13 14 15 16 17 18 19

20 21 22 23 24 25 26

27 28 29 30 31

18.03.2023 г. День тишины

19.03.2023 г. День голосования

20.01 – до 18.00 ч. 08.02.2023 г. Выдвижение кандидатов

20.01 – до 18.00 ч. 18.02.2023 г. Регистрация кандидатов

с 18.00 ч. 18.02 – до 00.00 ч. 18.03.2023 г. Предвыборная агитация

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ



ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысуыңыздың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды

Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі

Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат

дауыс беру күніне отыз күн қалғанда, немесе 2023 жылғы 17 ақпаннан КЕШІКТІРМЕЙ

тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады

ОСЫ ҚҰҚЫҚТЫ:

- 1 дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар
- 2 басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер
- 3 вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады

Азамат, біртұтас жалпыұлттық сайлау округін, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтерін ескере отырып, сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРІҢІЗ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕНІҢІЗДІ ТИІСТІ ӘКІМДІКТІҢ САЙТЫ НЕМЕСЕ CALL-ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

2023 жылғы 4 наурыздан бастап

Сізге өз учаскеніздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023 ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Гарантией участия в выборах является включение Вас в список избирателей

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования

Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного заявления в акиматы по месту их нахождения

Каждый гражданин, который не будет иметь возможность прибыть в день голосования на избирательный участок по месту своей регистрации,

НЕ ПОЗДНЕЕ чем за 30 дней до дня голосования или до 17 февраля 2023 года

вправе подать заявление в соответствующий акимат и зарегистрироваться на избирательном участке по месту своего фактического нахождения.

При поступлении обращения акимат организует исключение гражданина из списка избирателей по месту регистрации и включение его в список того участка, на котором он будет голосовать

ВОСПОЛЬЗОВАТЬСЯ ДАННЫМ ПРАВОМ МОГУТ:

- 1 граждане, которым известно, что в день голосования они не будут находиться по месту регистрации
- 2 иногородние студенты, обучающиеся в средних специальных и высших учебных заведениях, проживающие вне общежитий
- 3 граждане, работающие вахтовым методом

Гражданин может быть включен только в один список избирателей с учетом единого общенационального избирательного округа, а также одномандатных территориальных избирательных округов

ПРОВЕРИТЬ ВКЛЮЧЕНИЕ СЕБЯ В СПИСОК ИЗБИРАТЕЛЕЙ ПО МЕСТУ РЕГИСТРАЦИИ МОЖНО ЧЕРЕЗ САЙТ ИЛИ CALL-ЦЕНТР СООТВЕТСТВУЮЩЕГО АКИМАТА

с 4 марта 2023 года

Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на своем участке

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы»

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық мәртебесін, жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық негіздерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кеңес – халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағында жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары қалыптастырылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

3) жергілікті өзін-өзі басқару – халықтың тікелей, оның ішінде мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы, халық топтары жинақы тұратын аумақтарда жергілікті маңызы бар мәселелерді осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен өзінің жауаптылығымен және жергілікті қоғамдастықтың мүдделерінде шешуге қатысу нысаны;

4) жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасы – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты әзірлеген және кеңес жыл сайын үш жылға бекітетін, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ дамуының басым бағыттарын айқындайтын құжат, оның негізінде аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеті қалыптастырылады;

5) жергілікті қоғамдастық жиыны – елді мекен тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) осы Заңда белгіленген тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысуы;

6) қалалық өзін-өзі басқару кеңесі – халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың республикалық маңызы бар қаланың, астананың және облыстық маңызы бар қаланың аумағында жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы;

7) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкі – аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мүлкі, оның ішінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің қаражаты, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітілген және (немесе) бекітілмеген мүлкі;

8) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелерін салааралық және ведомстваралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды негіздері

2-бап. Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, жергілікті өзін-өзі басқару туралы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру негіздері

1. Қазақстан Республикасының азаматын жергілікті қоғамдастық мүшесі деп тануға шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы тұрғылықты жері бойынша оны тіркеу фактісі негіз болып табылады.

Осы бапта көзделген негіздерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысуының қандай да бір өзге шарттарын белгілеуге жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастық аумағында кемінде бір жыл тұрақты тұрғылықты жері бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген шектерде жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысуға құқығы бар.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қала, қалаларда аудан, ауыл, кент, ауылдық округ шегінде жүзеге асырылады.

4-бап. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары

Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің:

1) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан тікелей, оның ішінде мәслихаттар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға;

2) осы Заңда көзделген тәртіппен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

3) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарға жеке жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу құқықтарын шектеуге жол берілмейді және оған сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

5-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару қағидаттары

Жергілікті өзін-өзі басқару мынадай қағидаттар негізінде жү-

зеге асырылады:

1) азаматтарды тарту қағидаты – азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысуы және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау;

2) дербестік қағидаты – жергілікті қоғамдастық мүшелері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырушылық, экономикалық және қаржылық дербестігі;

3) функциялардың аражігін ажырату қағидаты – функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажырату негізінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі;

4) айқындық және ашықтық қағидаты – жергілікті өзін-өзі басқару органдары, әкім және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты, республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала әкімдігі қабылдайтын шешімдерді жергілікті қоғамдастықпен міндетті түрде талқылау, оларды бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) өзге де тәсілдермен жариялау және тарату;

5) жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау қағидаты – тікелей дауыс беру арқылы өз мүшелерін сайлау арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру.

6-бап. Осы Заңмен реттелетін жергілікті маңызы бар мәселелер

Жергілікті маңызы бар мәселелерге мыналар жатады:

1) жергілікті маңызы бар жолдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) қоғамдық пайдалану орындарын абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыру;

3) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

4) бос уақытты ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;

5) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

6) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды дамытуға жәрдемдесу;

7) жер пайдалануға байланысты мәселелер;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жарнама орналастыру;

9) дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

10) төтенше жағдайлардың, оның ішінде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

11) коммуналдық мүлкікті басқару;

12) кооперацияларды ұйымдастыру;

13) «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін елді мекендер санаттарының, шекараларының және атауларының өзгеруі;

14) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды және су пайдалану мәселелерін реттеуді ұйымдастыру;

15) өзге де мәселелер.

3-тарау. Өкілді және атқарушы органдардың міндеттері мен құзыреттері

7-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті органның міндеттері

Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

1) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) жергілікті өзін-өзі басқаруды мәселелерін реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді.

8-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдардың міндеттері

1. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайларды жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығын жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

2. Жергілікті өкілді органдар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін лауазымға сайлауға және лауазымынан босатуға, елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгертуге және жергілікті маңызы бар өзге де мәселелерге байланысты мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

9-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатымен, мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің атынан өкілдік етеді;

2) кеңеске есеп береді, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді;

3) кеңес мүшесі бола алмайды.

2. Әкім Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен және мерзімде халықпен тұрақты кездесулер өткізеді.

3. Әкім жоғары тұрған әкім, кеңес алдында құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуы үшін жауап береді.

4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің құзыретіне:

1) бюджет жобасын әзірлеу;

2) бюджетті жоспарлау және атқару;

3) кеңеске бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсыну;

4) азаматтардың жолданымын, арыз, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша шаралар қолдану;

5) жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлеу және оны жергілікті қоғамдастық жиынымен келісу бойынша кеңестің қарауына және бекітуіне ұсыну;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеңеспен келісім бойынша коммуналдық мүлкікті басқару;

7) жергілікті бюджеттен жергілікті өзін-өзі басқарудың ком-

муналдық мемлекеттік мекемелерін қаржыландырудың жеке жоспарларын бекіту;

8) аудан әкімімен және кеңеспен келісу бойынша апаттық тұрғын үйлерді бұзуды ұйымдастыру;

9) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды іске асыру;

10) автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін, сумен жабдықтау желілерін дамыту және күтіп ұстау;

11) инфрақұрылымды абаттандыру, оның ішінде елді мекендерді, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту, сондай-ақ қоғамдық орындарды сыртқы безендіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

12) туысы жоқ адамдарды жерлеуді ұйымдастыру және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп-ұстау;

13) мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету және тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

14) кеңеспен келісу бойынша елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау;

15) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

16) кеңес белгілеген тәртіппен тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарына ақыл негізде қызмет көрсету;

17) еңбек шарты бойынша жалданатын әкім аппараты қызметкерлерінің еңбегіне кесімді ақы төлеу кезінде кесімді бағаларды кеңеспен келісу бойынша бекіту;

18) жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, оның ішінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі мен әкім аппаратының қызметінің Үлгілік регламентімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

10-бап. Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне және оның аппаратына табыстау тәртібі

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне тапсырушы мемлекеттік органның шешімі негізінде жоғары тұрған мемлекеттік басқару деңгейінен мемлекеттік функциялар табысталуы мүмкін.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне және оның аппаратына мемлекеттік функцияларды табыстау берілетін өкілеттіктерді іске асыру жағдайларын қажетті ресурстармен мемлекеттік қамтамасыз ету тәртібін белгілей отырып, қолданыстағы заңнама және мемлекеттік басқару органдары мен кеңес арасындағы келісу негізінде жүзеге асырылады.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің шығыстарын ұлғайтуға әкеп соғатын мемлекеттік органдар табысталған функциялар жоғары тұрған бюджеттен тиісті қаржыландыруды көздеуге тиіс.

4. Табысталған мемлекеттік функциялар бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі тиісті уәкілетті мемлекеттік органға есеп береді.

11-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне және оның аппаратына табысталатын мемлекеттік функциялар

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне және оның аппаратына табысталуы мүмкін мемлекеттік функцияларға мыналар жатады:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

2) жер учаскелерін алып қою, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негізде мен тәртіп бойынша мемлекет мұқтажы үшін алып қою мәселелері жөнінде аудандық (қалалық) әкімдікке ұсыныстар енгізу;

3) жұмыспен қамту органдары болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыссыздарды тіркеу;

4) табысы аз адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстарды енгізу, жалғызбасты қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

5) мүгедек адамдарға көмекті ұйымдастыру;

6) мүгедек адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастыру;

7) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның және қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, мүгедек адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

8) шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда: науқастарды денсаулық сақтау ұйымдарына дейін жеткізу, жатқан науқасты денсаулық сақтау ұйымдарынан тұрғылықты жеріне дейін тасымалдау;

9) жазаның осы түріне сотталған адамдардың қылмыстық-атқару қызметі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру;

10) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандарды, оның ішінде жазасын өтеу жолымен жұмыспен қамтуды ұйымдастыру;

қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары мен мекемелері өндіретін, орындайтын және көрсететін тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге тапсырыстарды орналастыру;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында сотталғандардың еңбегін пайдаланатын өндірістер ашу, оларды кеңейту және жаңғырту үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы жәрдемдесу;

11) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағдарламалық құжаттары шеңберінде ауыл халқына микрокредит беруге жәрдем көрсету;

12) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы мәселелер бойынша, сондай-ақ азаматтық қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы»

- 13) агроөнеркәсіптік кешен саласында жедел ақпарат жинауды жүзеге асыру және оны аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына (әкімдіктеріне) беру;
- 14) ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге қатысу;
- 15) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға олардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларды орындауы кезінде жәрдем көрсету;
- 16) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысу;
- 17) тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;
- 18) тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді алып тастау туралы шешімдер қабылдау;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық пункттерді қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз ету;
- 20) ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу ;
- 21) ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру;
- 22) ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын қамтамасыз ету;
- 23) ақылы негізде көрсету үшін қызмет түрлерінің тізбесін әзірлеу және оны кеңеске бекітуге ұсыну;
- 24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер.

Азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын органдар жоқ кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде кент, ауыл, ауылдық округ әкімі нотариаттық әрекеттер жасауды ұйымдастырады, өз аумағында тұратын азаматтардың азаматтық хал актілерін тіркеуге құжаттар қабылдауды және оларды азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу және жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға мәліметтер енгізу үшін ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың азаматтық хал актілерін тіркеу органына беруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен куәліктерді және қажет болған кезде анықтамаларды беруді және табыс етуді жүргізеді.

12-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратын аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады, жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі мен әкімі аппаратының қызмет Регламентін және оның құрылымын кеңес бекітеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі мен әкімі аппараты қызметінің Үлгілік регламентін жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

2. Әкім аппараты аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде құрылады. Әкім аппараты халық саны кемінде 500 адам болатын ауылдарда, ауылдық округтерде құрылады.

Халық саны кемінде 250 адам болатын ауылдарда әкім аппаратын құруға мынадай талаптардың біріне сәйкес келгенде жол беріледі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан 25 километрге дейін қашықтықта орналасуы;

50 километр радиуста тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басқа елді мекенінің болмауы.

3. Әкім аппараты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жергілікті атқарушы органдардың жалпы лимиті мен штат санының нормативтері шегінде айқындалатын мемлекеттік қызметшілерден, сондай-ақ еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган әзірленген және бекіткен жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтеріне сәйкес мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлерден тұрады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін азаматтық қызметшілерге еңбекқақы төлеудің кесімді жүйесіне сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын еңбек шарты шеңберінде қызметкерлерді жалдауға құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшілердің жалақысы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес белгіленеді.

4. Әкім аппараты аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің және кеңестің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға міндетті.

5. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі өкілеттіктерінің тоқтатылуына, жаңа әкімнің тағайындалуына немесе сайлануына байланысты аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілері қызметінің мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

6. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының міндеттері:

- 1) коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 2) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеуді жүргізу;
- 3) ақылы негізде көрсету үшін көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін әзірлеу;

- 4) кеңес қызметін қамтамасыз ету;
- 5) өзіне осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктер.

4-тарау. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру нысандары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары

13-бап. Жергілікті қоғамдастықтың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру нысандары

Мыналар жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру нысандарына жатады:

- 1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауы;
- 2) жергілікті қоғамдастық жиыны;
- 3) кеңес және қалалық өзін-өзі басқару кеңесіне сайлау;
- 4) кеңес және қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің отырыстары.

14-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауы және өкілеттіктерін тоқтату

1. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жиырма бес жастан төмен емес Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан төрт жыл мерзімге лауазымға сайлайды.

2. Бір адам сол бір аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауын өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен регламенттеледі.

4. Сайланған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы оны тіркеген кезден басталады.

5. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері :

- 1) әкім қайтыс болған, әкімді әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп тану туралы сот шешімі не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 2) өзін ұсынған саяси партияны қайта ұйымдастыру және тарту жағдайларын қоспағанда, саяси партияға мүшелігі тоқтатылған;
- 3) жоғары тұрған әкім аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының өкімге қатысты білдірген сенімсіздік вотумын қабылдаған;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы жаңадан сайланған әкімді тіркеген;
- 6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

6. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері осы баптың 5-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін тоқтауға алып келетін негіздердің басталу фактісі көрсетілетін шешім қабылдайды және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті өкіміне аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыным енгізу туралы шешім қабылданады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясының ұсынымы негізінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) өкімі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің тиісті өкімінің өкілеттігін тоқтатады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі негізінде тоқтатылған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы тиісті адамның аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін жоғалту фактісін көрсететін шешім қабылдайды.

15-бап. Жергілікті қоғамдастық жиыны

1. Жергілікті қоғамдастық жиынын кеңес өз бетінше шақыруы немесе өкімнің немесе осы аумақта тұратын және оны шақыру қажеттігі туралы өтінішке тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) және тұрғылықты жерін көрсете отырып қол қойған жергілікті қоғамдастық мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына көмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

3. Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізу үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдық округтердің құрамына кіретін ауылдар мен кенттер, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер және басқалары) бөлінуі мүмкін.

Жергілікті қоғамдастық жиыны осы аумақта тұратын және оған қатысуға құқығы бар әрбір учаскеден жергілікті қоғамдастық мүшелерінің не олардың өкілдерінің кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиыны жергілікті маңызы бар мынадай мәселелер:

- 1) жергілікті қоғамдастықтың басым міндеттерін және оларды іске асыру мерзімдерін айқындау;
- 2) жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ұсыныстар енгізу;
- 3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шекарасы мен мәртебесін өзгерту;
- 4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік өкімінің және кеңесінің қызметі туралы есептерін тыңдау және талқылау;
- 5) кеңес мүшелерін сайлау;
- 6) кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтату жөніндегі мәселеге кеңес алдында бастамашылық жасау;
- 7) кеңес пен қалалық өзін-өзі басқару кеңесін тарату туралы шешім қабылдау;
- 8) жергілікті маңызы бар өзге де мәселелер бойынша өткізіледі.
5. Жергілікті қоғамдастықтың жиынында хаттама жүргізіледі. Хаттамаға жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы мен хат-

шысы қол қояды және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өкіміне, кеңесіне және қалалық өзін-өзі басқару кеңесіне беріледі.

6. Жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі жергілікті маңызы бар мәселелер жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Үлгілік регламентте айқындалады.

16-бап. Кеңес құру тәртібі

1. Кеңес жергілікті қоғамдастық жиындарында аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің тұрғындары қатарынан қалыптастырылады.

2. Кеңес мүшелері төрт жыл мерзімге сайланады.

3. Сот әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған адамдарды қоспағанда, он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы кеңес мүшесі болып сайлана алады.

4. Кеңес мүшелерінің саны, қалыптастыру тәртібі және қызметі кеңестің Үлгілік регламентте айқындалады.

5. Кеңестің үлгілік регламентті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

6. Кеңес төрағасын қоспағанда, кеңес мүшелерінің қызметі қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

7. Кеңес заңды тұлға құқығына ие емес.

17-бап. Кеңестің міндеттері

Кеңес пен оның мүшелерінің міндеттеріне:

- 1) жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын қарау, талқылау және бекіту;
- 2) бюджет жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті қарау және бекіту;
- 3) уақытша мониторингтік комиссиялар құру;
- 4) бюджеттің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау және мониторинг қорытындылары бойынша ұсынымдар енгізу;
- 5) коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін басқару туралы шешімдерді келісу;
- 6) жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өкімдердің карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

7) аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайда одан әрі ұсыну үшін келісу;

8) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

9) жергілікті қоғамдастық мүшелерінен қоғамдық медиаторларды сайлау;

10) басқаруына берілген коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу;

11) коммуналдық мүліктің мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

12) әкім аппараты ақылы негізде көрсететін қызметтер түрлерінің тізбесін бекіту;

13) ақылы негізде көрсету үшін қызмет түрлерінің тізбесінің кесімді бағасын келісу;

14) аудан (облыстық маңызы бар қала) өкіміне аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыным енгізу;

15) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкіне сот иесіз деп таныған мүлікті қабылдау туралы өтінішхатын келісу;

16) қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту жатады;

17) кеңес қызметінің мәселелері бойынша тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында орналасқан, қызметі мемлекеттік құпиялармен байланысты ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге және мемлекеттік ұйымдарға өтініш жасауға құқылы;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті маңызы бар өзге де мәселелер жатады.

18-бап. Кеңес жұмысын ұйымдастыру

1. Кеңес өз өкілеттіктерін отырыстарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
2. Кеңестің кеңес төрағасы өзінің не кеңес мүшелері санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі шақырады және қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Кеңес отырысы мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

3. Кеңес отырысында қабылданған шешімдер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің міндетті түрде қарауына жатады.

4. Кеңес жарты жылда кемінде бір рет халық алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімі кеңестің шешімімен келіспейтінін білдіруге құқылы, ол мұндай келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Келіспеушілікті тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, әкім ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты алдында мәселеге бастамашылық жасайды.

5. Кеңес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жөнінде уақытша мониторингтік комиссиялар құруға құқылы. Уақытша мониторингтік комиссиялардың тәртібі, құрамы, мерзімдері мен өкілеттіктері жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін кеңес регламентінде айқындалады

Кеңестің мониторинг комиссиясының мүшелері қол қойған мониторинг нәтижелері туралы есеп кеңестің талқылауына шығарылады.

6. Мониторинг нәтижелері туралы есепті талқылау қорытындылары бойынша кеңес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жөнінде ұсынымдар қабылдауға құқылы.

7. Әкім кеңестің кезекті отырысына мониторингтік комиссияның ұсынымдарын қарау қорытындылары туралы негізделген қорытынды енгізеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы»

19-бап. Кеңес төрағасы

1. Кеңес төрағасы қызметін тұрақты негізде жүзеге асыратын лауазымды тұлға болып табылады.

2. Кеңес төрағасы кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен кеңес өкілеттігі мерзіміне сайланады және кеңес оны отырыста лауазымынан босатады.

Кеңес төрағасы лауазымына кандидатураларды кеңес мүшелері кеңес отырысында ұсынады.

3. Кеңес төрағасының міндеттеріне мыналар:

- кеңестің ұйымдастыру қызметін қамтамасыз ету бойынша әкім аппаратымен өзара іс-қимыл жасау;
- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- кеңес отырысын өткізу туралы шешім қабылдау және оны өткізуді ұйымдастыру;
- кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдесу;
- кеңестің уақытша мониторингтік комиссияларының қызметін үйлестіру;
- қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

4. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін кеңес мәжілісіндегі көпшіліктің шешімі бойынша кеңес мүшесі уақытша жүзеге асырады.

5. Егер кеңес отырысында дауыс беру кезінде кеңес мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайда, кеңес төрағасы не оның орнындағы адам шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

20-бап. Кеңес пен оның мүшелерінің өкілеттігін тоқтату негіздері

1. Кеңес өкілеттігі:

- осы Заңда белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуы;
- кеңес жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылардың кемінде үштен екісінің тарату туралы шешім қабылдау;
- әкімшілік-аумақтық бірлік таратылуы жағдайында тоқтатылады.

2. Жергілікті қоғамдастық жиыны жергілікті қоғамдастық отырысы қатарынан екі реттен артық айқындалған мәселелер қараусыз қалдырылған және/немесе кеңес отырысына енгізілмеген жағдайларда кеңес мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

3. Кеңес мүшесінің өкілеттігі:

- мемлекеттік қызметке кіруі;
- тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы;
- кеңес мүшесіне қатысты қылмыс не қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуі;
- кеңес мүшесі қайтыс болған, кеңес мүшесін хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімі не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енуі;
- кеңес құрамынан шығу туралы жеке өтініші;
- кеңес өкілеттігінің тоқтатылуы;
- өз міндеттерін жүйелі түрде орындамауы, сондай-ақ кеңес регламенті қатарынан екі реттен артық бұзуы жағдайларында тоқтатылады.

Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер бойынша кеңес мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім отырыста қатысып отырған кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

21-бап. Кеңес актілері

1. Кеңес өз құзыретіндегі мәселелер бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеңес шешімі нысанындағы актілерді, сондай-ақ өзге де актілерді қабылдайды.

Кеңес шешімі оның отырысына қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

2. Кеңестің өз құзыреті шегінде және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылданған шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресми жариялануға тиіс және тиісті аумақта орындалуға міндетті.

3. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджет кірістерін қысқартуды немесе бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін кеңес шешімдерінің жобалары аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің оң қорытындысы болған кезде ғана отырыстың қарауына енгізілуі мүмкін.

4. Кеңестің азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты шешімдер қабылдауы «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін кеңес шешімдерінің күшін кеңеспен немесе сот тәртібімен жойылады.

22-бап. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі

1. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі республикалық маңызы бар қаланың, астананың және облыстық маңызы бар қаланың аумағында құрылады және жұмыс істейді.

Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

Қалалық өзін-өзі басқару кеңесін қалыптастыру үшін республикалық маңызы бар қаланың, астананың және облыстық маңызы бар қаланың аумағы округтерге, ал округтер участкелерге бөлінеді. Округтер мен учаскелердің шекаралын тиісті мәслихат айқындайды.

Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің құрамы учаскелерінің өкілдері қатарынан бір округінен бір өкілден құрылады.

Әрбір учаскесінен, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған осы учаскенің тұрғындары арасынан сайланады.

Бір сайлау округінің құрамына кіретін учаскелерінің өкілдері қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесін құрады.

Қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесі тиісті учаске (округі) тұрғындарының мүдделерін білдіреді.

Қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесі мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, өкілеттігін тоқтатқан адамның орнына округтік кеңестің жаңа мүшесін рәсімі осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің құрамы қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесі мүшелерінің қатарынан, бір округінен бір өкіл ашық дауыс беру жолымен қалалық өзін-өзі басқа-

рудың округтік кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен құрылады.

2. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру рәсімі осы бапта белгіленген тәртіпке сәйкес қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің жұмыс істейтін мүшелерінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі ай бұрын басталады.

3. Қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесіне сайлауға кәмететке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп таныған, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген депутаттар мен мемлекеттік қызметшілердің қатысуға құқығы жоқ.

4. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің жұмыс тәртібі қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің бірінші отырысында бекітілетін оның регламентпен айқындалады.

5. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі жұмысының негізгі нысаны отырыстар болып табылады.

6. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің және оның мүшелерінің міндеттері:

- жергілікті қоғамдастықтың басым міндеттерін және оларды іске асыру мерзімдерін айқындау;
- жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, біріккен мүлік меншік иелерінің және көппәтерлі тұрғын үйлердің жай серіктестіктерінің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;.
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің шекарасы шегінде құқық бұзушылықтардың профилактикасы, учаскелік полиция инспекторларының жұмысын жақсарту, абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, санитариялық жай-күй, экология мәселелері бойынша ұсыныстарды өкілді және атқарушы органдардың қарауына енгізу;
- петицияға қол жинау және оны мәслихаттың қарауына жолдау;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің ережесінде айқындалған басқа мәселелер.
- Қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- кейіннен қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің қарауы үшін жергілікті маңызы бар мәселелерді жинау және қорыту;
- азаматтарды тұрғын үйлер мен үй маңындағы аумақтардың сақталуын, пайдаланылуын, жөндеуін, абаттандырылуын жақсарту мәселелерін шешуге тарту;
- жер комиссиясының құрамына қатысу.
- Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің шешімі хаттама түрінде ресімделеді, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына жіберіледі, сондай-ақ жиырма жұмыс күн ішінде оларды қарау үшін міндетті болып табылады.

9. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мен қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесі мүшелерінің қызметі қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

10. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мен қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңесі заңды тұлға құқығына ие емес.

23-бап. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасы

1. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасын кеңес өз мүшелерінің арасынан сайлайды.

2. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасы кеңестің бірінші отырысында кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

3. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі төрағасының функционалдық міндеттеріне:

- облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және облыстық маңызы бар қала әкімінің аппаратымен қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз ету бойынша, республикалық маңызы бар қаланың, астананың және облыстық маңызы бар қаланың мәслихатымен, сондай-ақ ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің отырысын өткізу туралы шешім қабылдау және оны жүргізу;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мүшелерінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдесу;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мүшелерінің сұрау салуларды қарауын бақылау;
- қалалық өзін-өзі басқарудың округтік кеңестерінің қызметін үйлестіру;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау жөніндегі шараларды айқындау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.
- Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің отырысында көпшіліктің шешімі бойынша қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшесі уақытша жүзеге асырады.
- Егер кеңес отырысында дауыс беру кезінде кеңес мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайда қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасы не оны алмастыратын адам шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

24-бап. Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мен оның мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату негіздері

- Қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің өкілеттіктері:
- осы Заңда белгіленген өкілеттіктер мерзімі аяқталған;
- кеңес жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылардың кемінде үштен екісінің тарату туралы шешім қабылдау;
- Жергілікті қоғамдастық жиыны қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің отырысында жергілікті қоғамдастық жиыны қатарынан екі реттен артық айқындалған мәселелер қараусыз қалдырылған және/немесе енгізілмеген жағдайларда қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасайды.
- Қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мүшесінің өкілеттіктері:

- мемлекеттік қызметке кірген;
- тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшесіне қатысты қылмыс не қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшесі қайтыс болған, қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің мүшесін хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімі не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің құрамынан шығу туралы жеке өтініші;
- қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің өкілеттіктері тоқтатылған жағдайларда;
- өз міндеттерін жүйелі түрде орындамағаны, сондай-ақ қа-

лалық өзін-өзі басқару кеңесінің регламентін қатарынан екі реттен артық бұзғаны үшін тоқтатылады.

Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім отырыста қатысып отырған қалалық өзін-өзі басқару кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

25-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің:
 - осы Заңда белгіленген тәртіппен жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға;
 - кеңесті және қалалық өзін-өзі басқару кеңесін сайлауға және оның төрағасы болып сайлануға;
 - кеңестің құрылатын уақытша мониторингтік комиссияларының құрамына кандидатураларды, оның ішінде өзінің кандидатурасын да ұсынуға;
 - жергілікті қоғамдастық мүшелерімен кездесулер өткізуге;
 - жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысуға;
 - кеңестің, қалалық өзін-өзі басқару кеңесінің отырысында азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерін жария етуге;
 - тиісті жргілікті атқарушы орган тапсырыс беруші болып табылатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін салу және жөндеу барысының мониторингіне қатысу;
 - осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

1-1. Кеңес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының алдында қызметтен босату туралы мәселеге бастамашылық жасауға құқылы.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері:

- тиісті аумақта тұруға;
- жергілікті қоғамдастық мүшелерінің оған келіп түскен өтініштерін қарауға;
- қоғамдық пікірді, азаматтардың, қоғамдық және басқа да ұйымдардың қажеттіліктері мен сұраныстарын зерделеуге, олар туралы кеңеске, қалалық өзін-өзі басқару кеңесіне хабарлауға;
- жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;
- өз қызметін жүзеге асыру кезінде ашықтық және айқындық, қоғамдық пікірді ескеру қағидаттарын ұстануға, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының отырыстарына еркін қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;
- Қазақстан халқының бірлігін, елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге;
- мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға және олардың дамуына ықпал етуге;
- жалпымемлекеттік ішкі және сыртқы саясатқа, оның ішінде қаржылық және инвестициялық саясатқа сай келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;
- қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленетін жалпымемлекеттік стандарттарды сақтауға міндетті.

5-тарау. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық негіздері

26-бап. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық негіздері

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық негізін:

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті;
- жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітілген коммуналдық мүлік;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі өзге де мүлік құрайды.

27-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мүлкін иелену, пайдалану және оған басшылық ету

- Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің меншігінде осы Заңда белгіленген жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге арналған мүлік болуы мүмкін.
- Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты әкімшілік аумақтық бірлік атынан Қазақстан Республикасының заңдарына және оларға сәйкес қабылданатын жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін дербес иеленеді, пайдаланады және оған басшылық етеді.

Кеңес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін қалыптастыру, есепке алу, басқару және оған басшылық ету тәртібін айқындайды.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ мүлкінің (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған) тізілімін жүргізеді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

28-бап. Осы Заңның өзге де заңнамалық актілермен арақатынасы және оның ережелерін іске асыру тәртібі

- Осы Заңның ережелері Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етудің жекелеген бағыттары мен тетіктерін регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау үшін негіз болып табылады.
- Осы Заң күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасы оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және ол күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде осы Заңға сәйкес келтірілуіне тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті.



ДАУА

Садауатты өмір салтына арналған бет

резкая болезненность в области височно-нижнечелюстных суставов. Жевательные и глотательные движения и речь затруднены. Суставные головки через наружные слуховые проходы не определяются.

При одностороннем переднем вывихе рот открыт меньше, подбородок смещен в сторону здорового сустава, правильное

вправлению. Основной задачей при этом является смещение суставной головки сзади от суставного бугорка. Больному усаживают на стул или кресло. Обернув большие пальцы рук салфеткой, оказывающий помощь накладывает их на жевательные поверхности больших коренных зубов нижней челюсти, а при отсутствии последних – на альвеоляр-

повязкой или простой бинтовой повязкой на несколько дней для ограничения движения. Больному рекомендуют полужидкую пищу.

Задний вывих встречается довольно редко. Наиболее часто причиной его может быть удар по подбородку. При этом вывихе рот больного стиснут, а нижняя челюсть сдвинута сзади. Суставная головка перемещается назад и находится на нижней стенке слухового прохода, впереди соцевидного отростка. При вправлении вывиха оттягивают нижнюю челюсть вперед с одновременным отведением вниз.

У некоторых лиц отмечаются так называемые привычные вывихи, связанные с некоторым растяжением суставной сумки. В этих случаях, как правило, не происходит значительного смещения суставной головки и больные иногда такой вывих устраняют сами.

М. ЧАНГЕРЕЕВ,
зубной врач,
Алакольская ЦРБ.

Вывих нижней челюсти

Вывихи нижней челюсти происходят при чрезмерно широком открывании рта: при зевоте, удалении зубов, особенно моляров нижней челюсти, введении желудочного зонда, насильственном открывании рта с помощью роторасширителя, ударе по телу нижней челюсти и т.п. Возможны также вывихи нижней челюсти при чрезмерном открывании рта в момент пломбирования моляров верхней челюсти.

Различают вывихи одно- и двусторонние, передние, задние, боковые. Боковые возникают обычно при переломе шейки нижней челюсти и требуют соответствующего специального лечения.

Самые распространенные

вывихи – передние, при которых головка нижней челюсти смещается спереди от суставного бугорка височной кости. При этом суставная головка соскальзывает через суставной бугорок и остается спереди от него, удерживаясь в этом положении вследствие натяжения боковых связок сустава и рефлекторного сокращения жевательных мышц.

При двустороннем переднем вывихе вследствие невозможности сомкнуть челюсти рот открыт или полуоткрыт, нижняя челюсть выдвинута вперед, отмечается

смыкание зубов нарушено. Нижняя челюсть несколько более подвижна, чем при двустороннем вывихе. Мышечковый отросток прощупывается только на здоровой стороне. При вправлении такого вывиха необходимо расслабить рефлекторно сократившуюся мускулатуру. С этой целью проводится двустороннее обезболивание 2 % раствором новокаина по Беше-Дубову. После этого в ряде случаев вывих вправляется самостоятельно.

В других случаях приходится прибегать к насильственному

вправлению. Усиливая давление больших пальцев, оттягивают нижнюю челюсть книзу и сзади, чтобы суставная головка совершила обратный путь по суставному бугорку к нижнечелюстной ямке. Вследствие рефлекторного сокращения мышц происходит резкое смыкание челюстей, поэтому необходимо вовремя убрать пальцы изо рта, чтобы больной не прикусил их. После вправления вывиха нужно дать покой височно-нижнечелюстным суставам. Для этого нижнюю челюсть фиксируют працевидной

Маммография

Маммография – это рентгенологическое обследование молочных желез, которое позволяет выявить ранние признаки рака молочной железы (РМЖ). Это лучевой метод обследования, снижает вероятность смерти от РМЖ.

Маммография проводится с помощью специального аппарата – маммографа. Маммографы бывают аналоговые и цифровые. Большинство современных аппаратов – это цифровые аппараты. Никакой специальной подготовки для процедуры не требуется.

Цифровая маммография обладает рядом преимуществ, например, обеспечивает более высокое качество снимков и точность изображения. Цифровые маммографы используют более низкую дозу облучения.

Скрининг на раннее выявление рака молочной железы:

Для выявления рака молочной железы существует эффективный скрининг – обследование, которое делают при отсутствии симптомов здоровым женщинам. Скрининг позволяет выявить заболевание на ранней стадии, когда нет никаких симптомов и женщину ничего не беспокоит. По статистике, риск смерти от РМЖ при этом снижается примерно на 20%. Вовремя выявленный РМЖ в большинстве случаев успешно лечится.

Рак молочной железы

Рак молочной железы – это злокачественная опухоль железистой ткани молочной железы. В мире это наиболее частая форма рака среди женщин, с показателями заболеваемости 99,4 на 100 000 женщин

в возрасте от 13 до 90 лет. В Казахстане ежегодно выявляется порядка 5000 новых случаев заболевания раком молочной железы. В структуре заболеваемости по РК рак молочной железы последние 15 лет постоянно стоит на первом месте. В структуре смертности от злокачественных новообразований рак молочной железы занимает 3-е место и ежегодно уносит жизни порядка 1200 женщин.

- Почему рак важно выявлять на ранних этапах?

- Чем раньше выявляется опухоль, тем легче лечится.

Признаки и симптомы рака молочной железы:

втяжение соска, выделения из соска, боль в молочной железе или в области соска, инфильтрация кожи (кожа, похожая на апельсиновую корку) в области молочной железы, появление в подмышечной области плотных узлов, изъязвление кожи в области молочной железы, отек всей молочной железы или ее части (даже если отчетливо не ощущается комок), необъяснимая потеря веса, слабость, покраснение, шелушение или утолщение кожи соска или молочной железы.

Рекомендации по профилактике рака молочной железы: контролируйте вес, будьте физически активными, употребляйте больше фруктов и овощей, откажитесь от курения и употребления алкоголя, проводите самообследование, проходите национальный скрининг на раннее выявление рака молочной железы.

Р.БЕЙСЕМБАЕВА,
врач-рентгенолог ГКП на
ПХВ «Алакольская ЦРБ».



УЗИ МОЛОЧНЫХ ЖЕЛЕЗ

Ультразвуковое исследование молочных желез – безболезненная, безопасная, информативная процедура, позволяющая оценить состояние тканей и на ранней стадии выявить заболевание.

О процедуре УЗИ молочных желез

Обследование молочной железы с помощью ультразвука – это высокоточная процедура, в ходе которой можно проверить состояние тканей без оперативного вмешательства. УЗИ позволяет безболезненно оценить структуру тканей груди, найти в них кисты, опухоли и другие образования. Благодаря раннему диагностированию заболеваний можно своевременно начать терапию, что повышает шансы на выздоровление.

УЗИ молочных желез также проводится, если нужно отобрать биоматериал для гистологического исследования. Под контролем ультразвука проводят пункцию железы. УЗИ помогает определить участок, из которого стоит взять биопсию.

В протокол врач вносит информацию о структуре, стадии развития, функциональности исследованных тканей. В ходе процедуры также исследуют: протоки, кожу, соски, мышцы,

лимфоузлы, подкожно-жировую клетчатку.

Процедуру назначает маммолог с целью профилактики и диагностики заболеваний, а также в рамках скринингового обследования. Пройти обследование молочных желез можно у нас в городе Ушарал.

Рекомендованная частота обращений для проведения УЗИ молочных желез: с начала полового созревания и до 20 лет – раз в три года; от 20 до 30 лет – раз в два года; старше 30 лет – раз в год.

Рекомендуется регулярно проверяться у маммолога даже при отсутствии симптомов, чтобы выявить заболевания на ранних стадиях, так как некоторые патологии желез могут протекать без явных клинических признаков

Показания для УЗИ молочной железы

Показания для внепланового исследования груди в клинике: боль в области груди, подмышек; изменение формы, огрубление сосков, выделения из них; покраснение, изменение состояния кожи груди; перенесенные травмы груди (ожоги, удары и другие); увеличение лимфоузлов подмышечных, подмышечных; изменение формы, размера груди.

Обследование железы прово-

дится, если при пальпации обнаружены уплотнения, опухолевые новообразования. Еще его рекомендуют в рамках подготовки к ЭКО и при подборе гормонального контрацептива.

Исследование назначают при подготовке к хирургическому вмешательству, а также после операций на груди, беременным и планирующим беременность женщинам.

Как проводится УЗИ молочной железы

Обследуются все ткани от границы, включая мягкие ткани

грудной стенки, до области у соска. На кожу груди наносится проводящий гель, и врач начинает водить по ней датчиком. На монитор выводится изображение тканей с молочными протоками, где специалист может обнаружить патологические участки.

Оформление протокола и заключение выдается в день проведения процедуры. С ним вы можете обратиться к своему врачу.

Подготовка, ограничения для проведения исследования

Чтобы получить достоверные результаты, рекомендуется проводить процедуру на четвертый – десятый день цикла. Беременным, кормящим, а также женщинам с менопаузой и принимающим гормональные контрацептивы – в любой день.

Ограничения для проведения УЗИ молочных желез: наличие ран, царапин и других повреждений на коже груди. Нужно выдержать двухнедельную паузу, если проводилась лучевая или химиотерапия. За два дня следует отказаться от физиотерапевтических процедур.

Гульраушан Ендибаевна
ДЖАНТЕЕВА,
врач УЗИ.

Өрті тілсіз жау

Мынандай сөздерді жиі естуге болады: «Оттан сақтаныңыздар», «Өшірілмеген сіріңке мен шылымды қалай болса солай тастамаңыздар, бұл орын толмас қайғыға душар етеді», «Үйіңізді өрттен сақтаңыз». Осы сөздердің мағынасына жете көңіл бөлеміз бе?

Әрине бұл жөнінде ойланбаймыз. Адам ұмыт қалдырған

тұтанған сіріңке мен шылым бақытсыздық әкеледі. Олардың кінәсінен шығатын өрттің көпшілігі отқа сақтықпен қарамағандықтан болатыны белгілі. Бәрімізге белгілі, мастық – адамдардың қазаға ұшырып, ауыр жарақат алып, күйікке шалынып, ауруға ұшырауына әкеліп соқтырады.

Адамдар отқа немқұрайлы қарайтын болса, от соғұрлым өршілене түседі. Осындай

жағдайлардан тұрғын үйлер, көлік тұратын орын, құрылыстар зардап шегеді. Азаматтардың кешірілмес кінәсінен үйдегі дүние-мүлік, бағалы заттар мен жеке киімдері өртеніп, орнында күлі қалады. Өрт – айықпас қайғы, солай бола тұрса да тағы да ескертеміз. Кім де кім отқа көңіл бөлмей, қарапайым ережелерді орындамаса, қиындыққа тап болады.

М.КАБЫЛГАЗИНОВ,
аудандық ТЖБ-ның бас маманы.

Құрметті Алақөл ауданының тұрғындары!

Сайлаушылар тізімін анықтау және өзектендіру мақсатында Алақөл ауданының әкімдігі аудан тұрғындарына өз сайлау учаскесі туралы мәліметті Алақөл ауданы әкімдігі байланыс орталығының операторлары арқылы жұмыс күндері сағат 9.00 – 18.30 аралығында алу мүмкіндігін ұсынады, телефон нөмірі 8(72833) 2-15-07; 8 (72833) 3-55-37.

Сонымен қатар, alakol.zhetisu.gov.kz Алақөл ауданы әкімінің ресми сайтының «Сайлау» бөлімінде сайлау учаскелерінің шекаралары мен орталықтарын қарау мүмкіндігін ұсынады. Zhetysu.saylaw.kz сайтының өзіндік сайлаушылар тізімінен тексеру аласыз.

Сұрақтар туындаған жағдайда Алақөл ауданы әкімдігінің байланыс орталығына 8(72833) 2-10-01, 2-14-54 телефондары арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз.

Сайлау мәселелері бойынша CALL CENTER туралы мәлімет

№	Аудан атауы	АЖӨ, қызметі	байланыс телефондары
1	Алақөл	Сейсенбаева Маржан Болысбекқызы, аудан әкімі аппараты ұйымдастыру бөлімшесінің бас инспекторы	8(72833) 2-15-07 8705 666 85 46
2		Кампитова Шолпан Қасымсерікқызы, Ушарал қалалық әкімдігі аппаратының бас маманы	8(72833) 35537 87759426040

Уважаемые жители Алакольского района

В целях уточнения и актуализации списков избирателей акимат Алакольского района предоставляет возможность жителям района получить сведения о своем избирательном участке по средством операторов контакт-центра акимата Алакольского района по телефону 8 (72833) 2-15-07; 8 (72833) 3-55-37; в рабочие дни с 9.00 до 18.30 часов.

Дополнительно предоставляется возможность просмотра границ и центров избирательных участков на официальном сайте акима Алматинской области alakol.zhetisu.gov.kz в разделе «Выборы».

В случае возникновения вопросов просим обращаться в контакт-центр акимата Алакольского района по телефонам 8(72833) 2-10-01, 2-14-54.

Данные CALLCENTER-а по выборным вопросам

№	Название района	ФИО, должность	контакты
1	Алакольский	Сейсенбаева Маржан Болысбекқызы, главный инспектор организационного отдела аппарата акима района	8(72833) 2-15-07 8705 666 85 46
2		Кампитова Шолпан Қасымсерікқызы, главный специалист аппарата акима г. Ушарал	8(72833) 35537 87759426040

Еске алу

Көктұма қазақ орта мектебінің асыл ұстазы, әріптесіміз **Садықанова Қарлығаш Мамадиярқызының** бақилық сапарға аттанып, жан жүрегімізді сыздатып кете барды. Саналы ғұмырының тең жартысын ұстаздық жолға арнаған әріптесіміз бастауыш сынып мұғалімі еді. Кімкімге де әріптесінің қазасынан ауырлығын сезінуден артық қайғы жоқ екен. Амал қанша, Алланың жіберген ажал жебесі осылайша ұжымымызды қайғыға көмсе де, тәңірдің жазғанына қарсы тұра алмаймыз. Көктұма қазақ орта мектеп ұжымы атынан орны толмас қайғысына ортақтасып, отбасына, ата-анасына, ағайын туыстарына көңіл айтамыз.



Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, қадірлі әріптес.

Ғайып болдың өмірден қас қағымда,
Сыйлы едің ұжымға да, ағайынға.
Нұрлы жүзің өшпейді көкіректен,
Сыр көп еді сөзіңнің астарында.

Қимаймыз, амал қанша шарасызбыз,
Мәңгі есінде шәкірттің қаларсыз сіз.
Қарлығаш апай асыл жан ең біздер үшін,
Жадымызда мәңгіге сақталасыз.

Көктұма қазақ орта мектеп ұжымы.

Құрметті Алақөл ауданының тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2023 жылғы 16 ақпанда сағат 14.00-де Алақөл аудандық әкімдігінің ғимаратында (Ушарал қаласы, Қонаев көшесі, 74) азаматтар үшін жеке қабылдау және сағат 15.00-де Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінде (Ушарал қаласы, Қонаев көшесі, 76) Алақөл ауданының тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің: https://www.instagram.com/jetisu_akimat/ сілтемесі бойынша және Алақөл ауданының https://instagram.com/alakol_akimdigi?igshid=ZmZhODVIOGI= сілтемесі бойынша «Инстаграм» парақшаларында жүргізіледі.

Уважаемые жители Алакольского района!

16 февраля 2023 года в здании акимата района (город Ушарал, ул. Конаева, 74) в 14.00 часов аким области Жетісу Исабаев Бейбіт Оксикбаевич проведет личный прием граждан, затем, в 15.00 часов, в районном Доме культуры им.З.Койшыбаевой (город Ушарал, ул. Конаева, 76) состоится встреча акима области с населением Алакольского района.

Прямая трансляция встречи будет вестись на официальных страницах акимата области Жетісу: https://www.instagram.com/jetisu_akimat/ и акимата Алакольского района: https://instagram.com/alakol_akimdigi?igshid=ZmZhODVIOGI= в социальной сети «Инстаграм».

В рамках разъяснительной работы

30 января 2023 года руководителем отдела Алакольской рыбной инспекции К.Жуманкуловым в целях соблюдения техники безопасности и недопущения фактов гибели населения на водоемах в зимний период при ловле рыб была проведена разъяснительная работа среди рыбаков и местных жителей.

Также была проведена агитационная работа по соблюдению правил рыболовства, техники безопасности при движении на льду.

Ш. КУЛЕНОВА,
главный специалист
отдела Алакольской рыбной инспекции.

Утеря документов

Утерянный техпаспорт КГИ №009836, выданный в 2013 году на трактор «Т-150к», на имя к/х «Каратума», считать недействительным.

Құттықтаймыз!

Ушарал қаласының тұрғыны, адал жар, аяулы әкеміз **Нұрмұхамбетов Мұратхан Темірғалиұлын** мерейлі 70 жасқа келуімен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, талмас қанат, қажымас қайрат, таусылмас бақыт тілейміз. Отбасымыздың үлгі тұтар тұлғасы болып, ұл-қыздарыңыз бен немерелеріңіздің қызығын қызықтап жүре беріңіз. Алла қалап 100-ге келген жасыңызды тойлауды нәсіп етсін.



Құтты болсын 70 дейтін жасыңыз,
Тау суындай буырқанып, тасыңыз.
80-90 белестерден адымдап,
100 жастың да биігінен асыңыз.

Құрметіңіз арта берсін үнемі,
Еліңіздің болыңыз шын тірегі.
Ар мен намыс, абырой мен береке,
Міне осы жанашырдың тілегі.



Ізгі ниетпен: жары, балалары,
күйеу балалары мен немерелері.

Қызметтер көрсетіледі

Бескөл ауылдық округіндегі Бұлақты ауылдық мәдениет үйінде орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы мынадай қызмет түрлерін ала аласыздар: ЭЦҚ кілтін ашу, туу туралы куәлік, неке қию туралы куәлігі, мекенжай бойынша, емханаға, бала бақшаға тіркеу, "Наркология", "Психиатрия",

"Фтизиатрия" орталықтарынан мәліметтер ұсыну, 1 жасқа дейінгі, босанғанға дейінгі жәрдемақы, тұрғын үй кезегіне қою, зейнетақы аударымдары анықтама, жылжымайтын мүлік-тің болмауы (болуы).

Қ.ОҢҒАРБАЕВА,
Бескөл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Хабарландыру

«Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ «Талдықорғанжылусервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы КМК» жобасы бойынша талқылаулар өтетінін хабарлайды.

Тыңдаулар 10.03.2023 ж. уақыты аралығында өтеді. Жоба материалдарымен БЭП және «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданды.

Тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн форматта өтеді: <https://us04web.zoom.us/j/72919548770?pwd=nA95UU857av6aZnEgaxB5PX6KCFsi.1>

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон номері: zhainar.kakirova@mail.ru. 87022934778.

Объявление

КГП на праве хозяйственного ведения «Талдықоргантеплосервис» ГУ «Отдел ЖКХ города Талдықорған» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам проекта ПДВ для котельной Баскуат.

Слушания состоятся 10.03.2023 года по адресу: область Жетісу, г. Талдықорған, Желтоқсан, 275.

Дополнительные материалы, а также задать интересующие вопросы можете по указанным контактными данным не позднее 3 дней до даты общественных слушаний.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата области Жетісу» <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>

Слушания будут проведены в онлайн формате посредством видеоконференции ZOOM по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/72919548770?pwd=nA95UU857av6aZnEgaxB5PX6KCFsi.1>

Дополнительная информация по проекту можно запросить по телефону: 87022934778 или zhainar.kakirova@mail.ru

Объявление

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Куанышевой Назгуль Куанышевны, в производстве находится наследственное дело в отношении Воробьева Виктора Дмитриевича, умершего 24.02. 2018 года, зарегистрированного в с. Булақты, ул.Каирова, дом 29, Алакольского района, области Жетісу. В связи с чем прошу обратиться его наследников по адресу: город Ушарал, ул. Кабанбай батыра, дом 112 А, Алакольский район, область Жетісу, моб.: 87015445574.

Құжат жоғалту

2011 жылы қаңтардың 17-дегі Жарлық бойынша «Алтын алқа» алқасымен наградталған Шаянова Кулянның №272716 нөмірлі «Алтын алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Меншік иесі:
«Алақөл айнасы» ЖШС-і.

Директордың м.а.-
Ғалым Азатұлы
Бас редактор -
Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:
Директор: 3-52-63
Бас редактор: 3-52-68
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74
E-mail: alakred@mail.ru
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады
Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 4086

Газет «Алақөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.